

Ясауи университеті

yasaui.gazeti@ayu.edu.kz

университет студенттерінің цні

№12 (589) 18 қараша 2025 жыл

ӘЗЕРБАЙЖАНДЫҚ ҮШЕМ МЕН ҚЫРҒЫЗСТАНДЫҚ ЕГІЗДЕР АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 30 жылдан астам уақыттан бері Түркі әлемінен жиналған жастар білім алады. Оқу ордасында білім алып, қазақ тілін үйрену үшін бауырлас елдерден жыл сайын түрлі тыңдаушылар келеді. Биыл олардың қатарында Әзербайжаннан келген үшем мен қырғызстандық егіздер де бар.

Үшемдердің аты-жөні – Зехра, Эсра, Лала Азизовалар, ал егіздер – Батма мен Зуура Акканалиевалар. Аталған тыңдаушылар қазіргі таңда университеттің Дайындық орталығында оқиды. Мұнда олар қазақ тілін үйреніп жүр. Тілді үйреніп жүргендеріне 1 ай ғана болса да, сөйлем құрап, ойларын еркін жеткізеді. Бұл орталықта оқу орданың ішкі грантына (квота) ие болған түркі мемлекеттерінің жастары оқиды. Қазақ тілімен қоса, түрік және ағылшын тілдерін меңгереді.

«Қазақстанда жоғары білім алуды таңдауымызға бірнеше себеп бар. Ең басты себеп – түркі мемлекеттерінен келген студенттермен танысып, ортақ мәдениет пен тарихымызды тереңнен танығымыз келді. Сондай-ақ, түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістанда білім алуды үлкен мәртебе санаймыз!» - дейді тыңдаушылар.

Үшем мен егіздерді бір-бірінен ажырату бастапқыда оқытушылар мен курстас достарына қиынға түскен.

Қыздар сабақ үстінде оқытушыларына оңай болуы үшін өз есімдерін қағазға жазып қояды әдетке айналдырған. Тыңдаушылардың мұндай қызықты идеясын ұстаздары да қолдайды.

Оқытушыларының айтуынша қыздардың жаңа тілдерді үйренуге деген ынтасы жоғары. Зехра, Эсра мен Лала курстастарына түрік тілін меңгеруге көмектессе, қазақ тіліне жақын өскен қырғызстандық Батма мен Зуура достарына қазақша үйренуге көмектесіп жүр. Бұл – білімгерлердің бауырмалдығы мен ынтымағының жарқын көрінісі.

Үшем мен егіз қыздар Ахмет Ясауи университетінің Дайындық орталығын аяқтаған соң, түрлі мамандық бойынша білім алуды жоспарлап отыр.

«Түр-сипатымыз бірдей болғанымен, біз таңдаған мамандық жолдары әртүрлі. Арман-мақсаттарымыз бөлек» дейді қыздар. Бірі психолог, бірі дәрігер, енді бірі мұғалім болуды қалайды.

Айта кетейік, Дайындық орталығында қазіргі таңда түркі мемлекеттерінен келген 296 тыңдаушы бар. Олар бір жыл көлемінде тіл үйреніп, арнайы емтиханнан өткен соң таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастырады.

«ЯУ-ақпарат»

ТҰЛҒАҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Жуырда университетімізде ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Серік Жайлауұлы Пірәлиевтің өмірі мен еңбегін ұлықтауға арналған «Түркістанның төл перзенті» атты еске алу шарасы қайраткердің атындағы конференция залында өтті.

Іс-шара ұлағатты ұстаздың әйбатты ғұмыры мен қайраткерлік қызметін өскелең ұрпаққа насихаттау және ардақты есімін мәңгі есте сақтау мақсатында ұйымдастырылды. Серік Жайлауұлы 2003–2007 жылдары университетіміздің ректоры қызметін атқарып, саналы ғұмырын білім мен ғылым саласына арнаған жан. Ардақты азаматты еске алуға арналған жиынға университет басшылығы мен профессор-оқытушылар құрамы, Серік Жайлауұлының отбасы, ғалымды көзі тірісінде таныған зиялы қауым өкілдері, әріптестері мен шәкірттері қатысты.

Осы ретте, аталған іс-шараны ұйымдастыруға белсене қатысқан, қайраткердің төл шәкірті, PhD М.Байболовтың естелік-мақаласын назарларыңызға ұсынамыз.

Редакция.

ның жылуын сезініп, мейіріміне бөленгенін бағамдадық. Серік аға Түркістанда үш жарым жыл қызмет істеді. Осы кезеңде шапағаты тимеген жан жоққа тән секілді. Кімге барсақ та, кімге жүгінсек абзал азаматты сағынышпен еске алып жатыр.

Жайсаң жанның жан-жары, бүгінде мұрасының басты қамқоры – София Арғынқызына құрметіміз де алабөтен. Әуелі тақырып толғандырды. Ойлап-ойлап, Түркістан жұртының Серік Жайлауұлы тұлғасына құрметін көрсетуге бел байладық. «Түркістанның төл перзенті» тақырыбымен еске алу шарасын өткізу қамына кірістік. Біршама уақыт дайындық жүрді.

Ұйымдастыру жұмыстарының жүгін бөліскен жандар өте көп болды. Серік Жайлауұлының көзін көрген кісілердің қайсысына жүгінсек те меселімізді жыққан жоқ. Баршасынан парыз бен құрмет



Серік Жайлауұлына деген құрмет асқақтап, сағыныш сезімі лүпілдеп тұрды.

Жиын түйінінде «Түркістаным-Тұраным» әні әуеледі. Экраннан асыл азаматтың жарқын бейнесі күлімдеді. София апайдың идеясымен жасанды интеллект арқылы өзіз бейнеге «жан бітіп», Серік ағамыз орнынан түрегеп қол бұлғады...

Үлкен кісілер көзін сүртіп жатты. Толқысақ та босамауға тырысып, модераторлық міндетімізді төмамдадық.

Серік Жайлауұлы Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры болған тұста бірнеше дүркін сәлем бергенбіз. Бір жолғы жүздесуде асыл азамат: «Мен сені Түркиядан ауыстырып алайын да. Жанымда жүрсейші», дегенді.

Ұстазға алғыс білдіріп: «Серік аға, Түркияда оқуды армандап барып едім. Рұқсат етсеңіз дипломымды алып келейін. Алла қаласа сосын жаныңызда жүремін» дедім. Алайда, елге оралғанда ұстаздың саулығы сыр беріп еді. Сырқаты тереңдеп, дидарласу мүмкін болмады. Үш жыл бұрын қарашаның жаңбырлы таңында қаралы хабар жетті. Серік ағамыз өзекті өртеп, жарық жалғаннан көшіп кете барды...

Жарты жылдан кейін ұстаз мұрасын түгендеп, тұлғасын ұлықтау ісіне араластық. Қастерлі іске бізді Нұрлыбек аға жетеледі. Бұл жолы да жауапкершілік жүгін бірге арқаладық.

Серік ағаның жоғарыдағы сөзі және жаңғырды. «Жанымда жүрсейші», деген сөзінің мәнісін терең түйсіндік сол сәтте...

Мырзахан БАЙЖАНҰЛЫ.



ҰСТАЗҒА ТАҒЗЫМ

Серік Жайлауұлы Пірәлиев ұстазымыздың ардақты есімін қай кезде естісек те, көңіл түкпірінде сағыныш сезімі шымырлап сала беретіні бар. Кімге жүгініп, кіммен тілдесек те жайсаң жан-

лебі есіп тұрды.

София Арғынқызы Түркістанға табаны тиісімен төу етуге қамданды. Ясауи бабамыздың кесенесіне барып, Құран оқытты. Негізгі жиынның басынан аяғына дейін



«Қалам мен қағаздың махаббаты»

Университетіміздің Өкілетті Кеңес төрағасы, профессор Мұхиттин Шимшек «Қалам мен қағаздың махаббаты» атты семинар өткізді.

Ректор Жанар Темірбекова мен ректор өкілі м.а Нажи Генч бастаған оқытушы-профессорлар мен студенттер жиынға қатысты. Сондай-ақ, Төраға Мұхиттин Шимшектің отбасы мүшелері қонақ болды.

Іс-шараны ашып беру үшін сөз бастаған Жанар Амангелдіқызы «Қайырлы кеш, құрметті оқытушылар мен сүйікті студенттер, қадірлі қонақтар! Өздеріңіз білетіндей, біз оқу ордамызда білімді де ақылды жандарды жинап, бір-бірін шабыттандырығанын қалаймыз. Бұл жай орта емес, академиялық клуб десек те болады. Міне, осы мақсатта университетімізде түрлі іс-шаралар өтеді. Бүгін осы жерде Өкілетті Кеңес төрағасы, профессор, доктор Мұхиттин Шимшек те ерекше семинар өткізбек», деді.

Мұхиттин Шимшек сөз басында: «Бүгін қалам мен қағаз туралы тереңінен сөз қозғаймыз. Жазу неге маңызды? Ал адамға жазу не үшін керек? Негізінде адам «өзін» сағынады. Себебі адамзат жады жаратылған уақытында таза болады. Уақыт өте келе адам жаны сол сөттерді сағынады. Міне,

жазу, қалам, қағаз – бізді өзімізге табыстыратын дүниелер. Адам қолына қалам ұстағанда уақыт жай өтеді, асықпайды. Сана мен қол ұшына іліккен қалам арасында ерекше байланыс орнайды», деді.

Ол семинар барысында адамның ойын қағаз бетіне түсіретін қаламның рухани маңызын жан-жақты саралап, түсіндірді. Сондай-ақ, балалық шағынан қаламға деген махаббатын, қызықты естеліктерін баяндады. Қаламнан коллекция жинау қызығушылығы қалай пайда болғанын да айтып өтті. Өзі үшін ерекше қаламсаптарының тарихымен бөлісті.

Сонымен қатар, оқу мен білім іздеудің маңызын тілге тиек етті. Жас буынға келешекте қажет болар өмірлік оқиғалар мен кеңестерін бөлісті. Туған жер мен отбасын аялаудың, жақсы қасиеттерді бойға сіңірудің қаншалықты үлкен мәнге ие екенін айтты. Кездесуде құрметті төраға сонымен бірге, студент жастарға шығармашылық өнер мен биік интеллектуал өренің мән-маңызы, кітап оқудың зердені шыңдаудағы рөлі туралы ойларын жеткізіп, тәжірибесімен бөлісті.

Жиын соңында Өкілетті Кеңес төрағасы студенттерге өзінің қаламынан туған төл туындыларын сыйға тартты.

«ЯУ-ақпарат»

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ МЕДИАНЫҢ КӨКЖИЕГІ

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Әлем жаңа технологиялық серпілістердің ортасында өмір сүруде. Ақпарат тарату құралдары мен тәсілдері қарқынды өзгеріп, күн сайын жаңа форматтар пайда болуда. Осындай жағдайда журналистика үздіксіз дамуды қажет етеді.

Цифрлық трансформация – журналистика саласы үшін басты бағыт. Бұрын тек мәтін жазу мен газет шығару дағдылары жеткілікті саналса, бүгінгі күні студент мультимедиялық өнім әзірлеуді меңгеруі тиіс. Сонымен қатар, мәтіннен бөлек фото, бейне, инфографика, подкаст секілді жанрларды игеру – болашақ журналистің басты міндеті. Екіншіден, инновациялық әдістерді қолдану – болашақ журналистің кәсіби келбетін қалыптастырудың негізі. Виртуалды шындық, жасанды интеллект, деректер журналистикасы – бүгінде дамыған медианың басты қағидалары. Журналистика саласы осы технологияларды білім беру процесіне енгізсе, студенттердің шығармашылық қабілеті жаңа деңгейге көтеріледі. Мысалы, жасанды интеллект көмегімен мәліметті талдау, фактчекінг жүргізу немесе деректерді визуалдау – болашақ маман үшін аса құнды дағды.

Үшіншіден, журналистиканың болашағы студенттің тек техникалық қабілетін ғана емес, этикалық ұстанымын нығайтуы керек. Цифрлық дәуірде жалған ақпарат, манипуляция, фейк жаңалықтар көбейген шақта кәсіби журналистің басты қаруы – адалдық пен объективтілік. Журналистика тек гуманитарлық салаға тәуелді емес. Ол ақпараттық технологиялармен, психологиямен, саясаттанумен, мәдениеттанумен тығыз байланысты. Журналистиканың болашағы – ойы еркін, технологияны меңгерген, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін жаңа буын өкілін қалыптастыруында.

Қасиет ӨМІРБЕК,
Журналистика бөлімінің
3-курс студенті.



ӨШПЕС ӨНЕГЕ

Жуырда оқу ордамызда журналист, университетіміздің іргесін қаласқан әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, оқу-ағарту ісіне еңбегі сіңген ұлағатты ұстаз Жұмабай Әбілдің 70 жылдығына орай «Жұмабай Әбіл және әдебиеттану ғылымының даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция өтті.

Конференция аясында оқу ордамыздың Филология факультетінде белгілі ғалым Жұмабай Әбіл атындағы дәрісхана ашылды.

Ардақты ұстаз есімі берілген дәрісхананың лентасын ректор Жанар Темірбекова мен ұстаздың жары Раушан Бексейітова, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Тұрақты қоғамдық даму» орталығының жетекшісі, белгілі жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Нұрғали Ораз сынды зиялы қауым өкілдері салтанатты түрде қиды.


Конференцияда ректор Ж. Темірбекова, вице-ректор Е.Төлегенов, Р.Бексейітова құттықтау сөз сөйледі. Пленарлық мәжілісте университет ғалымдары Т.Қоңыратбай, Д.Кенжетай, М.Әліпхан, С.Елеуов, Абай атындағы ҚазҰПУ, ғалымдары Ж.Шойынбет пен PhD Ж.Керімбек, ф.ғ.к. М.Шотай, Жұма-

бай ағаның сыныптас досы Е.Қалдыбек ғалымның әдебиеттанудағы іргелі зерттеулеріне орай баяндамалар жасап, ерекше есте қалар естеліктерін ортаға салды.

Жұмабай Әбіл 1954 жылы 7 желтоқсанда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы «Бірлік» ауылында дүниеге келген.

1981 жылы С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Жұмабай Әбіл студент кезінен-ақ республикалық деңгейде танылған талантты жас еді. Сабақты үздік оқып, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен ол факультет жанындағы «М.Сералин» атындағы әдеби бірлестіктің негізін қалап, жұмысын жүйелі жүргізді. Талантты студент жастардың жарқырап көрініп, шығармашылық дамуына ықпал етті. Иә, оның әдеби бірлестіктің төрағасы ретінде көптеген жас таланттардың қанат



қағуына себепші болғандығы жиі айтылады. Ол бірлестікке мүше жас ақындардың «Темірқанат» атты жыр жинағын топтастырып, 1981 жылы республикалық «Жалын» баспасынан шығаруға мұрындық болады. Осы бірлестікте алғашқы шала-шикі жырларымен көрінген жас қалам иелері бүгінде белгілі журналист-публицист, қазақтың бетке ұстар ақындарына айналды, танымал жазушы болды. Бұл бірлестікте Жұмабек Кенжа-

лин, Нұрғали Ораз, Жолтай Жұмат, Мұхтар Құлмұхаммед, сол кездегі бірінші курс студенті Алтынбек Сәрсенбаевтар тырнақалды туындыларын оқып, талқылаған көрінеді. Ол осылай көптеген дарынды жастардың қабілет-қарымын танып, талай «бұлақтың» көзін ашуға мұрындық болды.

Жұмабай Әбіл студент кезінде сол тұстағы Алматының қос театрындағы қойылымдардың барлығын дерлік көріп шыққан. Кей қойылымдарды бірнеше рет көруден жалықпайды екен. Әр қойылымды, әр рөлді сомдаған әртістердің рөлін жеке-жеке талдап, қалың дәптерге жазып отыратын болған. Театр тақырыбына қалам тартқан оның мақалалары сол тұстағы республикалық газеттерде жиі жарияланды.

«Оның театр өнеріне деген ынтықтығы алабөтен болғанын академик Р.Бердібайдың өзі тамсанып айтатын. «Бұл театрға барып түнеп жүріпті» деп күлетін. Оның не әзіл, не шын екенін ажырата алмасақ та, шын болуының да ғажап еместігіне сенгенбіз» дейді бұл жөнінде әріптесі Болат Қорғанбеков. Сол тұстағы театр басшысы оны әр спектакльге арнайы шақырып, қойылымнан кейін ертесіне көркемдік кеңесте талқылауға қатыстырып, «Жұмабайдың пікірі маңызды, бұл бала болашақ театр сыншысы» деп пікірімен санасқан.

Жұмабай Әбіл қазақ драматургиясын зерттеген бірегей ғалым. Ол 1993-1995 жылдары кандидаттық, 1998-2000 жылда докторлық диссертациясын жазды. Айналасы 5-6 жыл көлемінде тың да ауқымды тақырыпты игеру оңай емес еді. Алайда Жұмабай аға ғылым жолында нағыз нар көтерер жүкті көтере алған ғалым болды. Оның «Қазақ комедиясы» (2000), «Жазба комедиясының даму ерекшелігі» (2001), «Қ.Мұхамеджанов драматургиясы» (2004) атты монографиялары жарық көрді. Сондай-ақ, әдебиеттану ғылымына «Алашұранды әдебиеті», «Этнодеформация» концепциясын енгізіп, ғылыми айналымға қосқан ғалымның арманы бұл тұжырымдарды болашақта докторанттарымен жетілдіре, індетте зерттеу болған еді.

Ұстаздық қасиеттің белгісі өз өмірін өзгелердің бақытына жұмсауында. Шәкірттің қалыптасуы үшін өзінің уақытын, күш-жігерін аямаған, жеке басының қажеттілігін кейінгі ысырып, көпшілік үшін аянбай қызмет ететін адам нағыз – ұстаз. Ол осындай Ұстаз еді.

... Ғылым атты алып мұхит айдына нық қадаммен аттап, желкен керген Жұмабай Әбілдің жұлдызы 53 жасында мезгілсіз сөнді. Алайда, профессордың ғылыми жолы жалғасатынына, халқымыз айтқандай «ғалымның хаты өлмейтініне» сеніміміз кәміл.

Редакция.

Жарты ғасыр ұстаздық жолға

Университетіміздің Педагогика және психология кафедрасының доценті педгогика ғылымдарының кандидаты, Кішібаева Дариға Жүнісбекқызын ұстаздардың ұстазы деуге болады. Ол университетте ширек ғасырдан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан ғалым, білікті педагог. Үш баланы тәрбиелеп өсірген, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, немере сүйіп отырған от анасы. Ұстаздың педагогтік еңбек жолына 50 жыл.

Иә, Дариға Жүнісбекқызын ұстаздардың ұстазы деп айтсақ, асыра бағалап, артық айтқандық емес. Себебі, ол 20 жылдай қаламыздағы бұрынғы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық училищеді дәріс берсе, бүгінде өңірдегі іргелі оқу орны Ахмет Ясауи университетінде педагог кадрларын даярлауға үлес қосып келеді. Ол кісіден дәріс алған қаншама түлектер еліміздің орта білім саласында жемісті қызмет етіп жүр. Сол себепті бұл кісіні ұстаздардың ұстазы деп айтуға әбден негіз бар деп есептейміз.

Ұстаз деген кім, сіздің ұғымда? дегенімізде тәжірибелі тәлімгер былай деп сыр ақтарды.

«Ұстаз – өз Отанын шексіз сүйетін, еліміздің болашығына, оның гүлденуіне аянбай үлес қосатын білімді жеткіншектерді даярлайтын тұлға. Әрбір ұстаздың міндеті – шәкірттерінің кеудесіне ізгілік нұрына толтырып, ақыл-парасатын жан-жақты дамытуға, біліммен қаруландырып, тәрбиелеу. «Қыран-түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзі бар. Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында емес пе? Ұстазды қоғам мен ұрпақ аралығындағы сарапшы десек те болады. Ол үнемі алға талпынып, жас ұрпақ тәрбиесіне белсенді араласуға, балалар арасында беделді болуға міндетті.

Ғылыми орта, зиялы қауым менің дүниетанымыды қалыптастырды. Қоғамның даму заңдарын дұрыс түсінуге талпынып, өз білімімді үнемі жетілдіріп, дамытып отыру басты мұратым. Өзімнің тәжірибемде білімгерлерді тәрбиелеу үшін, олардың жас ерекшеліктерін жете біліп, соған орай қарым-қатынас жасауды, өз басым өнеге, үлгі болатындай білім дәрежесін көтеріп, шеберлігімді ұштауды міндет етіп қойдым. Өйткені тәрбие міндеттері мұғалімнен білімдарлықты, шынайылықты, адалдықты талап етеді.

«Педагогика ғылым ғана емес өнер де, сондықтан өз бойыма шеберлікті қалыптастыруым керек деп санаймын. Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен шеберлікке ие болу оңай мәселе емес. Келешек білімгерлері – жастардың бойында мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Сонымен бірге білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін өз қолына ала алады. Бүгінгі таңда қоғамдағы және білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мектепте, жоғары оқу орындарында студенттерін тәрбиелеу мен оқыту саласына жаңаша қарауды талап етіп отыр. Себебі жоғары оқу орындарында тәрбиелеу мен оқыту болашақ жеке тұлғаны дамыту маңызды міндет. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал ететін күш тек білімде ғана. Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Педагог ретінде жастарға білім беруде өз үлесімізді қосу парыз деп білемін.

Доцент Д.Кішібаеваның университеттегі ұстаздық қызметінде 200-ден аса ғылыми еңбегі жарық көрді. Бірқатар ғылыми мақалалар, оқу-әдістемелік құралдар, Министрлік бекіткен электронды оқулық, оқу құралдарының авторы ретінде ғылыми ортада танылды. Дариға Жүнісбекқызы сонымен қатар, «Педагогика электрондық оқулығы А.Рысбековамен авторлық бірлестікте «Педагогика тарихы», «Педагогикалық шеберлік» «Педагогиканы оқыту әдістемесі», «Отбасы педагогикасы», «Дефектология негіздері» атты бірнеше оқу құралдары мен оқу әдістемелік құралдарының авторы.

Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Әтіргүл ТӘШІМ.

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



КІТАПТАН НЕГЕ АЛЫСТАП КЕТТІК?

Бүгінгі таңда «Кітап оқисың ба?» деген қарапайым сауалдың өзі кей адамдар үшін тосын сұраққа айналып барады. Кітап оқу – бұрындары зиялы қауымның мәдени деңгейінің көрсеткіші, тіпті бір мәртебе саналатын. Ал қазіргі қоғамда кітап оқу қарқыны төмендеді. Ал оның себебі неде? Жан-жақты жауап іздеп көрейік.

Адам бұрын-соңды болмаған ақпарат тасқынының ортасында қалды. Таңнан кешке дейін телефон, планшет, ноутбук экрандарынан шықпайтын адам сансыз дерек пен визуалды контентті тұтынады. Соның нәтижесінде адам қысқа әрі жеңіл ақпаратты қабылдауға бейімделді. TikTok-та бір минутта үш-төрт бейнеролик көріп, Instagram-да он-он бес стористі бес минутта қарап шығуға үйренген адам үшін парақтап кітап оқу, ойды жинақтау, мәтінге ену – қиын іс. Сондықтан санасы тез ақпаратты қажет ететін адамға кітап оқу біртіндеп қызықсыз көріне бастайды.

Екіншіден, оқу мәдениетінің қалыптаспауы мен мотивацияның жоқтығы да әсер етуде. Көп адамда кітап оқу әдеті жоқ. Себебі кейінгі кезде қоғамда оқу мәдениеті дұрыс қалыптаспай отыр. Бос уақытымызда кітап оқу орнына сериал көру, кино қарау, видеошолу көру – қалыпты жағдайға айналды. Ал кітап оқу төзімділік пен зейінді талап етеді. Өкінішке қарай, оған әрбіріміз дайын емеспіз.

Бала үлкендерден үлгі алады. Егер ата-ананың өзі кітап оқымаса, баланың кітапқа қызығушылығы қайдан болмақ? Теледидар мен смартфоннан басқа ештеңе көр-

мей өскен бала үшін кітап - жат әлем. Демек, оқу мәдениеті ең алдымен отбасынан басталуы керек. Қолына кітап ұстаған ата-анасын көрген бала да кітапқа ұмтылады емес пе?

Үшіншіден, кітап бағасының жоғары болуы да өз әсерін тигізіп отыр. Еркін сатылымдағы жаңа кітаптардың бағасы 3 000 – 7 000 теңге аралығында. Бұл – әр отбасының тұрақты түрде жұмсай беретін сомасы емес.

Бүгінде әлеуметтік желі адамның зейінін тез ауыстыруға бейімдеп жіберді. Бір нәрсеге ұзақ уақыт назар аудару қиындап кеткен. Сондықтан кітап оқу – сабыр мен тұрақтылықты талап ететін процесс. Ал жастар мен кітап арасындағы байланыс үзіліп бара жатқандай. Көпшілігі «кітап қызық емес», «уақытым жоқ», «кітаптар ескі» деген сылтауларды жиі айтады. Бірақ мәселенің түп-төркіні бұдан да тереңде жатыр.

Жастар TikTok пен Instagram-ды неге жақсы көреді? Себебі, онда визуал, эмоция және қысқа мазмұн бар. Демек, дәл осы платформаларды кітап оқуға шақырудың құралы ретінде пайдалануға болады. Мотивациялық видеолар, кітап шолулары, BookTok трендтері арқылы жастарды кітапқа тартуға әбден болады. Бірақ бұл бағытта мемлекет, мектеп, медиа және кітап дүкендері бірігіп жұмыс істеуі қажет.



Сонымен, кітап оқуға қайта оралу үшін не істеуіміз керек?

Біріншіден, оқу мәдениеті отбасынан басталуы тиіс. Ата-ана үлгі көрсетпесе, баланың кітапқа қызығушылығы оянбайды.

Екіншіден, мектеп бағдарламасында оқушыларға қызықты, заманауи, өмірмен байланысы бар әдеби шығармаларды көбірек оқыту қажет.

Үшіншіден, мотивациялық жобалар мен марапаттарды жандандыру керек. Мысалы, «Ең көп кітап оқыған жас», «Айдың үздік оқырманы» секілді жобаларды жүргізуде әлеуметтік желіні тиімді пайдалану маңызды.

Кітап оқудың азаюы – жай ғана әдеттің өзгеруі емес. Бұл – қоғамның ойлау жүйесінің, құндылықтарының, мәдениетінің өзгеруі. Цифрлы технология қанша дамығанымен, кітап – адам санасының тереңіне бойлататын, рухани биіктікке жетелейтін ең құнды құралдың бірі болып қала береді. Өйткені кітап - адам болмысының айнасы.

Шұғыла АЯТБЕК,
Журналистика бөлімінің
1-курс студенті.

Бахадыр Яшар Жансу:

«Біз – тамыры бір бауырлас халықпыз»

– Бахадыр, бұл жауапты лауазымға қалай сайландың? Университетте студенттік президенттің атқаратын рөлі қандай?

– Бұл қызметке түркиялық студенттердің сенімі мен қолдауы арқылы сайландым. Басында белсенді студент ретінде түрлі шараларға қатысып жүрдім, кейін достарым мен таныстарым мені үміткер ретінде ұсынды. Сайлау ашық түрде өтті, және нәтижесінде көпшілік сенім білдірді. Президент болу – тек мәртебе емес, сонымен бірге басқа студенттерге көмек көрсету мен біріктіру миссиясы деп білемін. Бұл қызметтің жауапкершілігі өте жоғары. Себебі сен тек өзің үшін емес, ондаған, жүздеген студенттің атынан сөйлейсің.

Университеттегі студенттік президент – студент пен университет әкімшілігі арасындағы алтын көпір іспетті. Президенттің міндеті – студенттердің пікірін, ұсынысын және мәселелерін тиісті орындарға жеткізіп, олардың мүддесін қорғау. Бұл қызмет тек ресми өкілеттік емес, үлкен жауапкершілік пен сенім. Менің ойымша, студенттік президенттің рөлі – ұйымшылдық пен ынтымақтың үлгісін көрсету. Университет өміріндегі барлық бастамаларда студенттердің белсенділігін арттыру, олардың көшбасшылық қабілетін дамыту, оқу мен қоғамдық өмірді тең дәрежеде үйлестіру – басты мақсатымыз.

– Түркістандағы студенттік өмір сен үшін қандай? Қазақ тілін үйрену қиындық туғызған жоқ па?

– Түркістандағы студенттік өмір мен үшін тек білім алу кезеңі емес, сонымен қатар өмірлік тәжірибе мен рухани өсу болды. Бұл қала – тарих пен мәдениеттің тоғысқан жері. Осында жүріп мен тек мамандығымды меңгеріп қана қоймай, бауырлас халықтардың тілін, дәстүрін, ойлау жүйесін таныдым. Түркістанның ерекше рухы мені үнемі шабыттандырады. Мұнда студенттер бір отбасы сияқты:



Университетіміздің студенттік президенті Бахадыр Яшар Жансумен әңгімелесудің сәті түскен еді. Бүгінгі жастардың қоғамдағы орны мен белсенді студенттер ұйымының қызметі туралы ой қозғалды. Сұхбатымызды оқи отырыңыздар.

қазақтар, түріктер, өзбектер, қырғыздар – бәріміз бір мақсатпен, яғни біліммен елге пайда әкелу жолында еңбек етеміз. Мен үшін Түркістан екінші Отанымдай болып кетті, себебі бұл жерде мен өзімді бөтен сезінбеймін, керісінше, өз үйімде жүргендей жайлылық пен жылулықты сезінемін. Тіл мен жаңа ортаға бейімделу жағынан басында аздап қиындықтар болды. Алайда, қазақ достарым өте жылы қарсы алды, сөйтіп тез бейімделіп кеттім.

– Студенттер қауымдастығы немен айналысады? Қазақ студенттерімен байланыс қалай?

– Біздің қауымдастықтың басты мақсаты – студенттердің бірлігін нығайтып, мәдени, әлеуметтік және рухани байланыстарды күшейту. Біз Түркістандағы түрік студенттерінің үні болуға тырысамыз. Жыл сайын түрік мәдениеті мен өнерін таныстыратын кештер, қайырымдылық акциялары, спорттық жарыстар және интеллектуалды сайыстар ұйымдастырамыз. Сонымен қатар, жаңа келген студенттерге бейімделу кезеңінде көмек көрсетеміз – жатақхана, құжат рәсімдеу, тілдік бейімделу сияқты мәселелерде бағыт береміз. Қауымдастықтың ең үлкен жетістігі – тек түрік жастарын емес, басқа

елдерден келген достарды да біріктіру. Біз үшін достық пен өзара түсіністік – ең басты құндылық. Қазақ студенттерімен қарым-қатынасымыз өте жақсы. Біз бір-бірімізден көп нәрсе үйреніп, нағыз достық орнаттық. Қазақ жастары өте ашық, қонақжай және көмектесуге дайын. Біз бірге іс-шаралар ұйымдастырып, пікір алмасып, кейде сабақтан тыс уақытта да кездесеміз. Менің ойымша, қазақ және түрік жастарының байланысы – ғасырлық достықтың заманауи жалғасы. Біз сол бауырластық көпірін нығайтып келеміз. Бұл достық – екі елдің болашағына салынған көпір.

– Қоғамдық қызмет сабағыңа кері әсерін тигізбейді ме?

– Жоқ, керісінше, бұл қызмет мені уақытты дұрыс басқаруға үйретті. Әрине, мен оқу мен қоғамдық жұмысты тең ұстауға тырысамын. Бір жағынан, бұл қызмет менің бойымдағы ұйымдастырушылық қабілет, коммуникация, шешім қабылдау және командамен жұмыс істеу дағдыларымды дамытты. Ал бұл қасиеттер сабақ үлгеріміме кедергі емес, керісінше, оны жақсартуға көмектесті.

– Студенттер лидері ретінде оқырмандарымызға айтарын тілегің...

– Құрметті достар, қайда жүрсек те, ең бастысы – бірлігіміз бен білімімізді сақтайық. Біз – бір тамырдан тараған бауырлас халықпыз.

Бірлік, достық және өзара қолдау – біздің ең үлкен күшіміз! Бұл білім ордасы маған тек білім емес, өмірлік тәжірибе мен достық сыйлады. Түрлі елден келген студенттермен бір ортада оқып, идея алмасу – үлкен мүмкіндік. Университетіміз жастардың арманына апарар алтын көпір бола берсін деп тілеймін.

– Уақыт бөліп сұхбат бергенің үшін алғысым шексіз.

Сұхбаттасқан:
Асылжан ЕСІМХАНҰЛЫ,
Журналистика бөлімінің
1-курс студенті.

Eskişehir'de Erasmus Deneyimi: Yeni Bir Ülke, Yeni Bir Ben

Hayatta bazı dönemler vardır ki, insana yalnızca bilgi değil, bambaşka bir bakış açısı da kazandırır. Benim için o dönem, Erasmus+ değişim programı sayesinde yaşadığım Eskişehir günleriydi.

Üniversite hayatım boyunca edindiğim en unutulmaz deneyim, üçüncü sınıfın birinci döneminde katıldığım Erasmus+ değişim programı oldu. Türkiye'nin en güzel ve öğrenci dostu şehirlerinden biri olan Eskişehir'de, Osmangazi Üniversitesi'nde bir dönem eğitim alma fırsatı buldum. Bu süreç, bana yalnızca akademik bilgi değil, aynı zamanda hayata dair derin tecrübeler kazandırdı.



Eskişehir'e ilk gittiğimde, şehrin sıcak atmosferi ve enerjik öğrenci yaşamı beni hemen etkiledi. Üniversitedeki dersler oldukça ilgi çekiciydi; hocalar samimi, öğrenciler ise yardımseverdi. Farklı ülkelerden gelen Erasmus öğrencileriyle aynı sınıfta olmak, bana yeni



kültürleri tanıma fırsatı sundu. Onlarla yaptığımız geziler, grup çalışmaları ve etkinlikler, İngilizcemi geliştirmemde büyük rol oynadı. Her gün farklı bir ülkeden biriyle sohbet etmek, dil pratiğimi doğal ve keyifli bir şekilde ilerletmemi sağladı.

Aynı zamanda Türk arkadaşlarımla da çok vakit geçirdim. Onlarla sohbet ettikçe Türkçem büyük ölçüde gelişti. Türk kültürünü yakından tanımak, yaşam tarzlarını gözlemlemek ve samimi dostluklar kurmak benim için çok değerliydi. Kimi zaman birlikte kahve içip uzun sohbetler ettik, kimi zaman şehirde gezintiyeye çıktık. Bu anılar, hayatımın en özel parçalarından biri olarak kalacak.

Erasmus öğrencileriyle birlikte düzenlenen kültürel etkinlikler ve geziler de unutulmazdı. Özellikle Kapadokya ve Bursa gezilerimiz, bana Türkiye'nin güzelliklerini keşfetme fırsatı verdi. Yeni yerler görmek, farklı insanlarla tanışmak ve birlikte vakit geçirmek bana büyük mutluluk kattı. Bu süreçte

kültürler arası iletişim becerim gelişti, özgüvenim arttı.

Erasmus bana yalnızca dil becerisi kazandırmadı; aynı zamanda sorumluluk duygusu, özgüven ve bağımsızlık da öğretti. Ailemden uzakta yaşamak başlangıçta zor olsa da, zamanla kendi kararlarımı almayı ve güçlü olmayı öğrendim. Bu deneyim, beni daha olgun ve kendine güvenen bir birey hâline getirdi.

Bugün geriye baktığımda, Erasmus'un bana sadece yeni bir ülke değil, aynı zamanda yeni bir ben kazandırdığını hissediyorum. Dünyanın ne kadar büyük ve renkli olduğunu, farklı kültürlerle açık olmanın ne kadar değerli bir zenginlik olduğunu fark ettim.

Her öğrencinin bu fırsatı değerlendirmesini içtenlikle tavsiye ederim. Çünkü Erasmus, yalnızca bir eğitim programı değil; hayatı, insanları ve kendinizi tanıma yolculuğudur.

Zhanilay SUIERKULOVA
Yabancı Diller Eğitimi Bölümü
4. sınıf öğrencisi

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
Журналистика кафедрасының
студенттері

Көркемдеуші редактор:
Асқат СӘДІБЕКОВ

Фототілші:
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 компьютерлік беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою
туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8/72533/6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru